

Кеше ҚР Премьер-министрі Серік Ахметовтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында күн тәртібі бойынша үш мәселе қаралды. Атап айтқанда, 2014 жылға арналған республикалық бюджетті нақтылау, Елбасы тапсырмасына сәйкес 2014-2015 жылдарға арналған көлеңкелі экономикаға қарсы кешенді іс-қимыл жоспары және өңірлердің су тасқыны кезеңіне әзірлігі талқыланды.

Селекторлық режимде өткен мәжіліске облыс әкімі Қырымбек Көшербаев қатысты.

ДАРΙΑ БОЙЫ ТҰРАҚТЫ БАҚЫЛАУДА

Алғашқы мәселе бойынша хабарлама жасаған ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрі Ерболат Досаевтің сөзіне қарағанда, Мемлекет басшысының тапсырмаларын уақытылы іске асыру мақсатында, макроэкономикалық көрсеткіштердің 2014 жылға арналған болжамын есепке ала отырып, ағымдағы жылғы республикалық бюджеттің параметрлері айқындалды. Нәтижесінде, 2014 жылға арналған республикалық бюджеттің түсімдері 6 206,1 млрд. теңге көлемінде немесе бекітілген бюджетпен (5 773,7 млрд. теңге) салыстырғанда 431,7 млрд. теңгеге өсумен белгіленді. Республикалық бюджеттің кірістері (трансферттер түсімдерінсіз) бекітілген жоспардағы 4 029,4 млрд. теңгеге қарағанда, 331,7 млрд. теңгеге ұлғайтыла отырып нақтыланды және 4360,9 млрд. теңгені құрайды.

Сонымен бірге, министр халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарын қолдау мақсатында нақтыланған республикалық бюджет жобасында 121,6 млрд. теңге қосымша қаржы бөлу қарастырылғанын мәлімдеді. Аталған қаржының ішінде ағымдағы жылғы 1 сәуірден бастап азаматтық қызметшілердің лауазымдық жалақысына 10 пайыз мөлшерінде ай сайынғы үстеме ақыға 63,5 млрд. теңгеге, зейнетақылық және мемлекеттік әлеуметтік төлемдердің мөлшерін 53,4 млрд. теңгеге жоғарылату ескерілген. Сондай-ақ, мемлекеттік білім беру тапсырысы аясында оқитын студенттердің шөкіртақы

мөлшерін 10 пайызға өсіру аясында жалпы сомасын 4,7 млрд. теңгеге жоғарылату көзделген. «Балапан» бағдарламасының шеңберінде мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға 6,7 млрд. теңге мөлшерінде қаражат бөлінбекші.

Үкімет отырысында Премьер-министр Серік Ахметов 2014-2015 жылдарға арналған көлеңкелі экономикаға қарсы тұру кешенді жоспарын түзетуге қайтарды. Аталған құжатты ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрі Ерболат Досаев таныстырған болатын. Министрдің сөзіне қарағанда, 2012 жылы Қазақстандағы көлеңкелі экономика үлесі ЖІӨ-нің 19,2 пайызын құраған. Көлеңкелі экономика құрылымының басым бөлігін тауар өндіру мен бейресми қызметтер арқылы көрсетілетін қызметтер алады. Осыған орай бей-берекет сауда жасайтындарға жауапкершілік күшейтілетіні белгілі болды. Министрдің сөзіне қарағанда, көлеңкелі экономикадағы басым үлес саудасаттық саласына қатысты. Мәселен, бұл саланың 2012 жылғы көлеңкелі экономикадағы үлесі 1335,3 млрд. теңгеге жетіп жығылған. «Ұйымдастырылмаған базарлар санының көп болуынан бөлек, бей-берекет заңсыз сауданың да болуы үлкен проблемаға айналып отыр. Осыған орай коммуналды сауда алаңдарының бір мезгілге бей-берекет сауда жасайтын үшін жауапкершілікті қатаңдату болжануда», — деді Е.Досаев.

2-бет

● ЕЛБАСЫ ҚАБЫЛДАУЫНДА

БАРЫМ ДА, БАҒЫМ ДА – БАЛАЛАРЫМ

Бұған дейін хабарлағанымыздай, 7 наурызда Астанада Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күніне орай қоғамдағы белсенді әйелдерді қабылдаған болатын. «Көктем шуағы» атты салтанатты кездесуге қоғамдағы белсенді қызметімен танымал болған шығармашылық және мемлекеттік қызметтегі әйелдер, еліміздің дамуына зор үлес қосқан жұмысшы әйелдер, көпбалалы аналар шақырылды. Олардың қатарында байқоңырлық «Алтын алқа» иегері Нұргүл Мұсаева да бар.

Біз Қызылордада оралған Нұргүл ханыммен тілдесіп, кездесуден алған әсерлерімен бөлісуін сұрадық.

— Елбасы барлығымызды құттықтап, еліміздің болашағы әйел-аналар тәрбиелеп отырған жас ұрпақтың ертеңімен сабақтас екенін айтты. «Қазақстан-2050» стратегиясының әрбір қазақстандықтың бақуатты өмір сүруіне арналғанына, елімізде салтанат құрған түсіністік пен бейбітшіліктің маңызына тоқталды. Ермазаттарды нәзікжандыларды сыйлауға, оларға тірек болуға шақырды. Елбасының балалар үйлерінде тәрбиеленіп жатқан ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар тағдырына қатты алаңдайтынын бұрыннан да білемін. Осы кездесуде де Нұрсұлтан Әбішұлы барша отандастарға ата-



ана мейірімін көрмеген жеткіншектерді отбасына алып, тәрбиелеу керектігін айтты.

«ҚАЙСАРҒА» АРТЫЛАТЫН СЕНІМ ЗОР

Кеше Қызылорда қаласында Н.Бекежанов атындағы драма театрында «Қайсар» футбол клубының жана маусым алдындағы таныстырылым рәсімі өткізілді. Бұл шараға жергілікті жанкүйерлер көптеп жиналды.

Аталмыш рәсімді облыс әкімінің орынбасары, облыстық футбол федерациясының президенті Нұржан Әлібаев ашты. «Қайсардың» жарты ғасырға жуық тарихы тасқа басылған. Осы уақыт аралығында қызылордалық жанкүйерлердің көзайымына айналған ұжым көптеген жетістіктерімен елді қуантты. Қаншама талантты түлектерге ақжол сілтеді.

Олардың арасында ұлттық құрама жейдесін киген ойыншылар да баршылық. Өткен

жылы команда бірінші лигада ойын көрсетті. Доп додасы барысында жанкүйердің делебесін қоздырарлық ойын өрнегін паш етіп, маусым барысында үнемі үздіктер көшін бастады. Соның нәтижесінде Премьер-лигаға берілетін жолдаманы бірнеше тұр бұрын иеленген біздің ұжым ендігі кезекте мықтылар қатарында жақсы нәтижемен көпшілікті қуантады деген үміт зор.

Сонғы жылдарда облыста футболды дамытудың барлық мүмкіндігі жасалып отыр. Әсіресе, балалар футболының өрісін кеңейтуге баса назар аударылуда. Бүгінгі таңда аймақтағы балалар мен жасөспірімдер спорт мектептерінің жанынан спорттың осы түрінен арнайы бөлімдер жұмыс жасайды. Соның

арқасында қазір біздің өңірде 30 мыңнан астам өрен аладоптың кыр-сырын үйренуге талпынып келеді. Облыста өткізілетін турнирлердің басым көпшілігі жасөспірімдер футболына арналған. Бұл келешекте Сыр өңірінде талантты ұландар тәрбиеленіп шығалы дегенді білдіреді. Өңірде футбол саласының материалдық-техникалық базасын жақсартуға мән берілген. Бұрынғы жылдарда Арал, Қазалы аудандарында арнайы стадиондар бой көтерді. Жақында ғана «Қайсардың» базасы күрделі жөндеуден өткізіліп, футболшылардың пайдалануына берілді. Онда ойыншылардың демалуына барлық жағдай жасалған.

Аймақта футбол спортын дамытудың 2013-2020 жылдарға

арналған арнайы бағдарламасы жасалды. Аталмыш бағдарлама аясында 3 мың көрерменге арналған спорттық-көрме манежін, 10-15 мың адамға арналған жанадан футбол стадионын салу жоспарланған. Негізгі мақсат – балалар мен жасөспірімдер футболын, инфрақұрылым мен бұқаралық футболды дамыту болып табылады.

«Қайсардың» бас бапкері Дмитрий Огай алдағы маусымда жанкүйер сенімінен шығатын ойын өрнегін көрсетуге күш

салатынын жеткізді. Бұл мақсатта облыс басшылығының қолдауымен команда Түркияда тыңғылықты дайындығын жүргізді. Содан кейін футболшыларға өздерінің нәмірлері жазылған жейделері таратылды. Команда капитаны Кирилл Шестаков №12 жейдені жанкүйерлерге бекітіліп берілгенін тілге тиек етіп, ұзақ жылдан бері командаға қолдау білдіріп жүрген Жәнібек Нұрқышев пен Нұрлыбай Ұлықбаевқа аталмыш дүниелерді табыс етті.

Әділжан ҰМБЕТ.



● КОМИССИЯ

ЗАҢДЫ БҰЗҒАН ЖАЗАСЫЗ ҚАЛМАЙДЫ

Кеше облыс әкімі Қырымбек Көшербаевтың төрағалығымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері жөніндегі облыстық комиссияның кезекті отырысы болып өтті. Мәжілісте қаала әкімі Нұрлыбек Нәлібаев пен облыстық білім басқармасының басшысы Наурызбай Байқадамов баяндама жасады.

Бүгінде Қызылорда қаласы әкімдігінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оны болдырмау мақсатында бірқатар жұмыстар атқарылууда. Мәселен, қаала әкімдігіне байланысты қызметшілердің құқықтық сауаттылығы мен біліктілігін арттыру үшін дербес бөлімдер мен кент және ауылдық округ әкімдеріне норма шығармашылық қызметін жақсарту мақсатында жаңартылып отыратын заң дерекқорларымен толық қамтылған. Сондай-ақ, өткен жылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы 14 семинар, 25 «дөңгелек үстел», 31 кездесу мен 42 отырыс ұйымдастырылған. Бұлардың ішінде 12 шара «Нұр Отан» партиясы өкілдерінің қатысуымен өткен. Бұған 1200-ден аса адам өздерінің өтініш-тілектерімен қатысқан. Десек те, жұмыс аясында заң бұзушылыққа жол берген бірқатар фактілер де анықталуда. Мысалы, өткен жылдың қаңтар айында қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі мемлекеттік мекемесі арқылы қаала көшелерінің жолайрық белгілерін сызу, бағдарламаларды жөндеу және күтіп ұстау, жол белгілерін әзірлеу мен оны орнату жұмыстарына байланысты конкурс өткізіліп, қалалық прокуратура тексеріс жүргізеді.

2-бет



«АРАЛТҰЗ» ЖҰМЫСШЫЛАРЫНЫҢ ЖАЛАҚЫСЫ 10 ПАЙЫЗҒА ӨСЕДІ

Облыс әкімінің баспасөз қызметі хабарлағанындай, жеті жүз елуден астам жергілікті тұрғынды тұрақты жұмыспен қамтып отырған «Аралтұз» зауытының тірлігі берекелі. Мұнда өткен жылы 138 мың тоннаға жуық тұз өндіріліп, жақын шетелдерге экспорттады. Инвестиция көлемі екі миллиардқа жетті. Тағы бір қуанышты жаңалық, биыл сәуір айынан бастап цех қызметкерлерінің еңбекақысы 10 пайызға үстемеленетін болады.

Өндірістерілердің отыз пайызы нәзікжандылар. Солардың бірі – Мейрамкүл Аймағамбетова. Ол мұнда отыз екі жылдан бері тұз қаталайды.

Өз ісінің нағыз шебері. Үйде қарап отырғаннан, екі қолға бір күрек алып еңбек еткен әдекайда артық. Жардайымыз жыл өткен сайын жақсарып

келеді, — дейді ол.

— Мемлекет басшысы барлық мекемеге жалақыны үстемелеуді тапсырды. Біздің оған шама-шарқымыз жетеді. Өндіріп отырған өнімімізге сұраныс бар. Техникаларымызды жаңаладық. Жұмысшылардың жағдайын бірінші кезекке қоямыз. Өйткені маман болмаса, ісіміз ілгері бастайтыны анық, — дейді «Аралтұз» АҚ вице-президенті Мұқан Мырзағұлов.

Испан технологиясымен жабылғы-талған жана зауыттың қуаттылығы орасан. Жыл басынан бері 22 мың

тоннадан астам тұз өндірілсе, оның 13 мың тоннасы ас тұзы. Қалғаны техникалық және басқа бағытта.

Тоқсан жылға жуық тарихы бар «Аралтұз» акционерлік қоғамының өнімі Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан секілді шет мемлекеттерге экспортталады. Алдағы уақытта Сауд Арабиясы, Жапония, Қытай елдерімен байланыс орнату жоспарда бар. Бұл жобалар тиімді жүзеге асып жатса, өңірдің экономикасы мен әлеуметтік дамуына айтарлықтай үлес қосылатыны аян.

Жылда осы мезгілде сең қозғалысы мен нөпір судың қосарлана келуінен бір дүрбелең туғызып өтетін Сырдария өзені әзірге қалыпты ағып жатыр. Соңғы төрт күн ішінде Төменарық елді мекені тұсында дария деңгейі 70 сантиметрге дейін көтерілсе, сенің өз қалпымен қозғалуы өсерінен ол біртіндеп төмен түсті. Жоғарыдан жөңкіген сең бүгінгі уақытта Жанакорған ауданы аумағын артқа тастап, Шиелі ауданы тұсына жетті. Осы жағдайда ертеңдері Қарғалы көпірі тұсынан өтіп үлгеруі керек деген болжам бар.

Қалыпты жағдайдың сақталуына әуелі табиғаттың жайбарақат мінез танытуы қолайлылық туғызса, екіншіден аймақ басшысының Төтенше жағдайлар жөніндегі министрлігі мен басқа да құзырлы орындар алдына мәселе қойып, Шардарадан дария арнасы сыйымдылығына сай су жіберілуіне қол жеткізуінің өсері еді. Сең

жылжуы кезінде ағын судың көлемі секундына 500 текше метрден аспаса, жергілікті жердің күшімен қауіптің алдын алуға, басқа да сақтандыру шараларын жасауға болады. Ал енді мол су келіп, оған нөсер жауын қосылса, ұрынарға қара таппай келе жатқан қалың мұз сойқанды салады дей беріңіз, бірін-бірі кимелеп, дарияның иінді

Нұрмахан ЕЛТАЙ.
Жанакорған,
Шиелі аудандары.

● ЕУРАЗИЯЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ОДАҚ

Өткен аптада Мәскеуде үш мемлекеттің басшылары – Қазақстан Президенті – Нұрсұлтан Назарбаев, Ресей Президенті – Владимир Путин және Беларусь Президенті – Александр Лукашенко Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес отырысына қатысу үшін бас қосты. Кездесуге сондай-ақ Еуразия экономикалық комиссиясы алқасының төрағасы Виктор Христенко да қатысты.

Кездесу барысында Кеден одағы мен Біртұтас экономикалық кеңістік аясындағы интеграциялық үдерістердің жай-күйі мен перспективалары, сондай-ақ кеңестің бұрынғы отырыстарында қол жеткізілген келісімдерді іске асырудың негізгі мәселелері талқыланды. Сонымен қатар, еуразиялық экономикалық одақ құру туралы шарт жобасына дайындық барысы қаралды. ҚР Президенті басқосуда Еуразиялық экономикалық одақ құру туралы шарт екі бөлімнен – институттық және функциялық бөліктерден тұртынын айтып, барлық даулы мәселелерде ортақ тіл табыса білудің маңыздылығына тоқталды.

ИНТЕГРАЦИЯЛЫҚ ҮДЕРІСТЕР ИГІЛІГІ

Біз әртүрлі түсініспеушілік туғызатын пікірлерді ысырып тастап, тек экономикалық одақ құруға тиіспіз. Өзге мәселелер онан кейінгі кезекте. Сондай-ақ елдеріміздің ішінде дүдәмалдық туғызатын әрі әлеуметтік тұйтықтарды мұнда араластырудың қажеті қанша? Алдымен экономикалық мәселелерді орындау керек, – деді Нұрсұлтан Әбішұлы сөз кезегінде.

Ресей Федерациясының Президенті Владимир Путин Ресей, Беларусь және Қазақстан интеграция жолымен жүйелі түрде ілгерілеп келе жатқанын, оның қазірдің өзінде нақты нәтижелері мен қайтарымы бар екенін атап көрсетті. Ал, Александр Лукашенко ілгері жылжу болғанын, енді экономикалық одақ құру бағытында алға қарай мейлінше бөксенді қадамдар жасай беру керектігін жеткізді.

1994 жылы Н.Назарбаев Ресей астанасында ғалымдар мен саясаткерлер арасында Еуразиялық одақ құру туралы идеясын жеткізген болатын. Бүгінде Қазақстан мемлекеті басшысының көрегендігі әлемдік саясаткерлерді де, сарапшыларды да таңғалдыруда. Егерде сол кезде мемлекет басшылары Назарбаевтың сөзіне құлақ түргенде бүгінгі қалыптасып отырған көптеген мәселелерді ушықтырмай дер кезінде шешуге болатын еді дейді сарапшылар.

Иә, қазіргі күні ғаламдық ықпалдасу үдерістері жашпай жүріп жатыр. Бұл ретте Кеңес одағына қайта ораламыз деу үлкен қателік саналады. Ал Еуразиялық ықпалдасу арқылы әрбір мемлекет егемендігін, экономикасын сақтап қана қоймай, дамыта алады. Қазақ елі басшысының бастамасын бүгінде Ресей, Беларусь мемлекеттері жүзеге асыруда. Кеден одағы жұмыс істегелі, яғни үш жыл ішінде оған мүше

үш елдің арасындағы сауда-саттық көлемі екі есе өсіп, 70 млрд. долларға жуықтап отыр. Бұл өте жақсы көрсеткіш саналады.

Осыдан жиырма жыл бұрын ҚР Президенті «Еуразияшылдық» идеясын көтермегенде, Еуразиялық экономикалық одақ туралы ойлаудың өзі мүмкін болмас па еді, бәлкім? Демек, жиырма жылдық идеяның жеміс беретін күні де жақын қалды. Қалай айтқанмен де, жиынтық жалпы ішкі өнімі 2,7 трлн. долларға, халқының саны 170 млн. адамға тең «үштіктің» әлеуетіне оның мүшелері үлкен үміт артып отыр.

Мемлекет басшылары келесі жылдың 1 қаңтарынан бастап жаңа интеграциялық бірлестік – Еуразиялық экономикалық одақ құрылады деп жоспарлап қойды. Ал Еуразиялық экономикалық комиссия қазірдің өзінде әлемнің бірқатар елі мен бірлестіктерінен еркін сауда жөнінде 40-қа тарта ұсыныс қабылдап үлгергенін айта кету керек. Олардың қатарында Исландия, Лихтенштейн, Норвегия, Швейцария, Вьетнам, Израиль, Үндістан, Чили мен Перу секілді мемлекеттер бар болса, Армения, Қырғызстан секілді мемлекеттер мүшелікке өту туралы өтініштер беріп отыр.

Басқосуда мемлекет басшылары Еуразиялық одақ құру туралы келісімшартқа қол қойғанға дейін тағы бір кездесу өткізіп алғанды күл көрді. Ал қол қою рәсімі мамыр айында жүзеге асып қалуы мүмкін.

«Еуразиялық одақ құру» туралы Елбасымыз өз идеясын ұсынғанда көпшілік оның байыбына бара қоймап еді. Бірақ уақыт өте келе бұл идея өзінің өміршеңдігін де, қажеттілігін де дәлелдеді. Енді оның жүзеге асатын уақыты да алыс емес.

Ыдырыс ТӘЖІҰЛЫ.

● АУЫЛ-АЙМАҚ

ТАЛПЫНЫС БАР ЖЕРДЕ ТАБЫС БОЛАДЫ

Елбасымыздың Жолдауында агробизнесті дамыту, ауыл шаруашылығын өркендету, кәсіпкерлікті қарқындату басты назарда тұр. Соған орай Президент тапсырмасын орындауға, «Мәңгілік ел» идеясын жүзеге асыруға нақты қадамдар жасалуда. Мұндай көрініс Қазалыға да тән.

Ауданға тартылған инвестиция көлемі жылдан жылға өсуде. Оған «Батыс Еуропа-Батыс Қытай көлік дәлізі», «Бейнеу-Шымкент» газ құбыры магистральды құрылысының аудан территориясынан өтуі әсер етуде. Шағын кәсіпкерлікті дамытып, жаңа жұмыс орындарының ашылуымен бюджет кірісі де ұлғаюда.

Сондай-ақ, Қазалыда ірі жобалар жүзеге асырылууда. Нәтижесінде қыруар адам жұмыспен қамтылады. Өсіресе «Қазалы-Құрылыс», «Қазалы жолшы» ЖШС-ның асфальт зауыты, «МО-1» серіктестігінің «Темір-бетон бұйымдарын өндіру цехын кеңейту», «СПК Қызылорда балық» ЖШС,

жеке кәсіпкер Игілікөвтің «Балық өнімдерін өңдеу цехын іске асыру және кеңейту», «РЗА» АҚ-ның «Нан өнімдерін өндіру цехын кеңейту» жобасы көпшілік көңілінен табылды. Алдағы уақытта түрлі өнім өндіретін цехтар пайдалануға беріледі деп күтілуде. Мал өсіру, құйылмалы су, құрылыс материалдарын шығару, жиһаз бұйымдарын дайындау негізінде «Өндірістік аймақ» жүзеге аспақшы. Бұл үшін Өйтеке би кентінен жер учаскесі белгіленді. Қажетті инфрақұрылыммен қамтамасыз етуге жоба-сметалық құжаттары әзірленді. Нақты кезеңде Өңірлік даму министрлігіне республикалық



бюджеттен қаржыландыруға ұсынылады. Жергілікті тауар өндірушілердің өнімдерін дедалсыз өткізу арқылы бағаны тұрақтандыру, халыққа қызмет көрсету көлемін ұлғайту, жаңа жұмыс орындарын ашуға «Сауда-логистикалық орталық салу» жобасы дайындалуда. Толық жүзеге асқанда қалааралық автостанция, өнім сақтау қоймасы, жабық сауда қатарлары, құрылыс материалдарын сату орындары, автокөліктен зат сату, автокөлік қызметін көрсету орындары жұмыс істейді. «Қазалы Жолаушы» ЖШС директоры Бекқали Бекбауылов автовокзал салуға арналған жерді аукцион арқылы алыпты.

«Жұмыспен қамту жол картасы-2020» бағдарламасын атқарылуы да бөтен емес. Мәселен, «Мамандықтар жәрмеңкесінде» көптеген адам жұмысқа орналасты. Өткен жылы бағдарлама аясында ауданға 1 млрд. 349 млн. теңге бөлінген. Бірінші бағыт бойынша 2013 жылы Өйтеке би кенті, Арықбалық, Көларық, Ақжона, Майдакөл, Аранды, Бөзкөл, Мұратбаев ауылдарын абаттандыру, елді мекеннің ішкі жолдарына жөндеу жүргізілді, бірнеше емханаалар жаңадан салынды.

2013 жылы ауданда 7 330 га. жерге басты дақыл күріш егілді. Ең қуаныштысы, күріштің 1 гектарына төленетін субсидия көлемі 25 мың теңгеге көтерілді. Бұл күріш егумен айналысатын шаруашылықтардың экономикалық жағдайына әсерін тигізді. «Рза-Агро», «Сыр маржаны» ЖШС-лары егістікті лазерлік-техникалық тегістеуге көшіпті.

Сондай-ақ, Жолдауда қозғалған тамшылатып суару әдісін қазалылықтар іліп әкетті. Нақ осындай әдіспен «Рза-Агро» ЖШС жүгері еккенді. Тұңғыш пайдаланған төсіл ұятқа қалдырған жоқ. Жиналған өнім жоғары болды. Күріш тұқымын жаңартуға байланысты «Рза-Агро» ЖШС базасында тұқым шаңруашылығы құрылды. Онда Қазақ күріш институты ғалымдарының шығарған жаңа сорты негізге алынды. Мал азығын қамтамасыз етуге сынақ ретінде «Рза-Агро» африкалық тары егеді деп межеленуде. Көңілден шықса, аталмыш дақыл сорланған жерлерге отырғызылып, жер қатадан айналымға қосылады.

«Сыбаға» бағдарламасы мал басының көбеюіне жол ашты. «Сыбағаның» сыйын көргендердің бірі – Жанқожа батыр ауылының тұрғыны Рзақұлов Берік есімді жас жігіт. Дүңкілді учаскесінде орналасқан шаруа қожалығы шаңарыдағы бағдарламамен 8,5 млн. несие алды. Енді асыл тұқымды мал өсірумен айналысуда. Қожалықта қазір 90-ға тарта мүйізді ірі қара бар. Шөпті өздері дайындайды. Жем алу үшін 1,3 млн. теңге субсидия иеленді. Берік зайыбы Гүлмира Тілеуқабылқызымен бірге отбасылық бизнесті дамытуды ойластыруда. Гүлмира қарындасымыз ауылдағы «Көркем» атты дүкеннің егесі. Ауыл тұрғындарын азық-түлікпен қамтамасыз етеді.

«Рза» АҚ-ның тауарлы сүт фермасы арқылы сүт өндіру шешілді. «Сыр маржаны» ЖШС-ның 380 млн. теңгені құрайтын бордақылау ала-

ңының құрылысын салу жөніндегі жобасы «ҚазАгро» Ұлттық басқару холдингіне ұсынылған еді. Қаржысы нақтыланды. Енді құрылыс жұмыстары басталмақшы. Ақсай-Қуаңдария көлдер жүйесінде 17 су айдыны бар. Мұндағы табиғат пайдаланушылар балық аулаумен шұғылданады. Таяуда олардың саны артты. Манайдағы «Жаманкөл», «Қаракөл» көлдері де тауарлы балық шаруашылығы тізіміне енгізілді.

Мешіттер рухани және мәдени орталыққа айналуға тиісті. Елбасымыздың бұл сөзі қанатты қағида іспетті. Жуырда пайдалануға берілген «Жанқожа батыр» мешіті көпшіліктің қасиетті мекені саналады. Айшығы күнмен шағылысқан Алла үйі толық мәнінде жұмыс істеп тұр. Биыл Жанқожа батырдың дүниеге келгеніне 240 жыл толады. Мерейтой аясында қыруар игі тірліктер атқарылмақшы. Нақты кезеңде ауданда Жанқожа батырға арналған мәдени шаралар толаасыз өткізіліп жатыр. Бұл қасиетті бабаға деген жұртшылықтың алғаусыз ниеті екені даусыз. Соның бірі – Қазалы қалалық және ауылдық мәдениет үйлері кәсіпорны ұйымдастырған «Жігіттің төресі» байқауы. Ұрпақты батырлыққа, шешендікке, тапқырлыққа, имандылыққа тәрбиелеу мақсатындағы шара көпшіліктің көңілінен шықты. Жеңімпаздар бағалы сыйлықтармен марапатталды. Жақсылықты анаға, анаға, тағы да анаға жаса. Аналар мерекесі де лайықты ұлықталды. Өсіресе, Болат Жолтаев басшылық жасайтын №204 мектеп-



тің ұжымы белсенділік танытты. Оқушылар үйіндегі жиын аса жоғары деңгейде өткізілді. Бұл Елбасымыздың ана мен балаға қамқорлық жасау туралы тапсырмасымен үндесері хақ.

Кәсіпкерлерге мемлекет тарапынан жасалып жатқан қамқорлықтар істің алға басуына ықпал етуде. Олардың арасында кәсіпкер қыз-кейіндеріміздің кәсіпкерлік объектілерін тексеруге мораторий жариялауды тапсыруға іскер жандардың ризашылығын туындатуда. Жуырда Қазалы ауданында өткізілген кәсіпкер өйелдердің бизнес-форумы саланы қарқындатуға арналды. «Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» тақырыбындағы басқосуда келелі ой-пікірлер ортаға салынды. Форумда көрмеге қойылған Жанқожа батыр кесенесінің үлгісі, қорамсақтағы жебе, әсем иілген садақ, қынаптағы қанжар, киіз үй жабдықтары, тоқылған жиде, ши құрақтан жасалып, масатымен әдіптелген тұскиіз, қоржын, ине қыстырғыш ел

Шығын жоқ. Дегенмен, жергілікті билік комиссия құрып, жұмыс істеп жатыр. Егер зарлап шеккен үйлер болатын болса, облыс әкімдігі көмек көрсетуге дайын», – деді министр мырза.

Жалпы, облыста – 26, ал қалада 8 қауіпті аймақ бар. Осы орайда облыс әкімі Қырымбек Елеуұлы Үкімет басшысына Қызылорда қаласындағы өзен жағалауын тастармен бекітуге қаржы қажеттігін айтты. Дәл мұндай таспен дария жағалауының 7,5 шақырымы бекітілген. Енді 58 шақырымның жұмыстарын аяқтау қажет. Қазір өңірде жағдай қалыпты. Бірақ мамандар қауіптің бар екендігін жасырмады. Он күннің ішінде сең Қызылорда қаласына жетеді. Қазірде сең Шиелі ауданының Қарғалы елді мекенінің тұсында келе жатыр. Биыл судың көлемі жылдағыдан артық. Оның үстіне Шардарға мен Көксарай су қоймалары толып тұр.

Мәжілісті қорытындылаған Үкімет басшысы Серік Ахметов барлық облыс әкімдеріне су тасқынына дайындық мәселелерін ерекше бақылауға алуды тапсырды.

Айнұр БАТТАЛОВА.

ЗАҢДЫ БҰЗҒАН ЖАЗАСЫЗ ҚАЛМАЙДЫ

Нәтижесінде әлеуетті өнім берушіге әдейі кедергі келтіргені үшін сол кездегі аталған бөлім басшысының орынбасары, сектор меңгерушісі мен маманға сыбайлас жемқорлық жағдай туғызатын құқық бұзушылықтар жасағаны үшін қалалық прокуратураның ұсынысы бойынша төртінші шара көрілген. Шаһар басшысының айтуынша, мұндай заң бұзушылық біршама білім беру ұйымдарында да орын алып, қателік жіберген қызметкерлер тиісті жазаалар тартылған.

Баяндаманы тыңдаған аймақ басшысы заң бұзушылыққа қарсы шаралар қолданылғанын, ақпараттық құралдармен жұмыс жасау бойынша марамды жұмыс жасалмай жатқанын сөз етті. Сондай-ақ, пайдаланымай тұрған жерлерді заңға сәйкес қайта қайтаруды, жер алуға тіркелген кезектілікте жариялылық болу керектігін баса айтты. Осы ретте облыс әкімі өз орынбасары Рзақұл Нұртаевақа қаланың жер мәселесіне байланысты жұмыстарына бақылау жасауды, сонымен бірге, жер

бөлімінің жұмысын қайта тексеруді тапсырды.

Мұнан соң сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша облыстық білім басқармасының басшысы Наурызбай Байқадамов хабарлама жасады. Басқарма басшысының мәлімдеуінше, қазіргі күні жемқорлықты болдырмау мақсатында жергілікті жерлер мен аудандарда жеке қабылдаулар өткізілуде. Сонымен қатар, бухгалтериялық есеп жүргізуді бірғыңғайлау үшін орталықтандырылған бухгалтерия жұмыс жасап, бүгінде ол өз тиімділігін көрсетуде. Дегенмен, білім беру ұйымдарының тарапынан құқық бұзушылықтар өлі де көрініс табууда. Айталық, 2012-2013 оқу жылында 20 тұлға қылмыстық жауапкершілікке тартылған. Оның ішінде 5-і мектеп директоры болса, 9-ы есепші, 4-і балабақша меңгерушісі, 2-і мұғалім. Мұның 10-ы экономикалық, 8-і сыбайлас жемқорлық, 2-і жалпы қылмыстылық сипатында болып отыр. Бұлардың барлығы тиісті жазаларын алған.

Бұл ретте аймақ басшысы білім беру

ұйымдары жұмысының осал екендігін жеткізді. Осы жағдайға байланысты білім саласының жұмысын бақылауды, әрі саала жұмысын дұрыс ұйымдастыруға ықпал етуді орынбасары Ақмарал Әлназароваға жүктеді. Оған қоса, мектеп басшыларына қатал талап қою керектігін ескертсе, жұмысқа қабылдау шараларын ашық жүргізу, мектептер мен балабақшаларда әртүрлі сылтаумен ақша жинауды тоқтатуды, сенім телефондары туралы ақпаратты ашық түрде жариялауды аталған басқарма басшысына тапсырды.

Айта кету керек, өткен жылдың қорытындысы бойынша жергілікті атқарушы органдардан сотталған 16 адамның 14-і білім беру саласының қызметкері болса, құқық бұзушылықтардың әрбір үшіншісі қала әкімдігіне тиесілі боуда. Жалпы келелі істің тұйынын тарқатқан басқосуда бірқатар ұсыныстар айтылып, барлық мемлекеттік органның басшыларына нақты тапсырмалар берілді.

Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ.

● САЛАМАТТЫ ҚАЗАҚСТАН

Облыстың денсаулық сақтау ұйымдары Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2011-2015 жылдарға арналған «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы және Қызылорда облысының 2011-2015 жылдарға арналған даму бағдарламасын басшылыққа ала отырып жұмыстар атқаруда. Денсаулық сақтау басқармасымен саланың өзекті мәселелерін қамтитын 2013-2014 жылдарға арналған «Жол картасы» дайындалып, жүзеге асырылуда.

Нәтижесінде, жыл қорытындысы бойынша облыс тұрғындарының денсаулық жағдайы мен демографиялық көрсеткіштерде біршама оң нәтижелер байқалып отыр.

Демографиялық ахуал.

Туу көрсеткіші 1000 тұрғынға шаққанда 2012 жылмен салыстырғанда 28,2-ден 28,4-ке өсіп, республикалық көрсеткіштен біршама жоғары деңгейді көрсетті (КР - 23,0). Соңғы 3 жылда, жоспарлы түрде жүргізілген алдын алу жұмыстарының нәтижесінде, атап айтқанда, скринингтік байқаулар мен анықталған науқастардың амбулаториялық деңгейде тегін дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етілуіне байланысты, жалпы өлім көрсеткіші 1000 адамға шаққанда, 6,9-дан 5,8-ге төмендеді (КР - 8,5). Нәтижесінде, тұрғындардың күтілетін өмір сүру ұзақтығы соңғы 3 жылда 67,4-тен 70,0-ке өсті (2012ж-69,5).

Соңғы 3 жылда ана өлімі көрсеткіші 32,9 пайызға (100 мың тірі туылған сәбиге шаққанда 2011ж. — 15,8, 2012 ж. — 15,8; 2013 ж. — 10,6; КР 2012 ж. — 12,6); және сәбилер өлімі 30,5 пайызға төмендеді - (1000 тірі туылған нәрестеге шаққанда 2011 ж. — 18,8; 2012 ж. — 17,4; 2013 ж. — 13,7; КР 2012 ж. — 13,6), өңіріміз осы көрсеткіш бойынша Республика көлемінде 7 орынды иеленді.

Мемлекеттік бағдарламаның негізгі мақсатты индикаторлары болып табылатын осы көрсеткіштерді төмендету мақсатында төмендегі іс-шаралар жүзеге асырылды:

- санитарлық авиация бригадаларының құрамы ауыр халдегі аналар мен сәбилерге шұғыл медициналық көмек көрсету үшін қажетті 6,0 штаттық бірліктегі акушер-гинеколог, анестезиолог және неонатолог мамандарымен толықтырылды;

- аудандық ауруханалардың босану бөлімшелері акушер-гинеколог, анестезиолог-реаниматолог мамандарымен қамтылып, олардың тәулік бойы кезекшілік етуіне жағдай жасалды;

- босану ұйымдарына қажетті 14 неонатолог маман арнайы даярландырып, жұмысқа қабылданды;

- БМСК ұйымдары қосымша 28 қажетті бейінді мамандармен толықтырылды.

Әлеуметтік аурулар.

Облысымызда туберкулездің эпидемиологиялық ахуалы тұрақтанды. Соңғы 3 жылда туберкулезбен аурушандық 7,8 пайызға, (100 мың тұрғынға шаққанда 2011 ж.-98; 2012ж.-92; 2013ж.-85,1) төмендесе, өлім көрсеткіші 5,2 пайызға (100 мың тұрғынға шаққанда 2011ж. - 9,2-ден 2012 ж.-7,8-ге; 2013ж.-5,7) төмендеген.

Туберкулезге қарсы күрес қызметінің төсек орындары ғұндаландырылды. Осыған байланысты, Жалағаш ауданындағы 50 төсектік туберкулезге қарсы күрес диспансері жабылып, Сырдария және Қармакшы ауданындағы туберкулезге қарсы күрес диспансерлері созылмалы туберкулезге шалдық-

қандарды емдеуге, қалалық туберкулезге қарсы күрес диспансері - туберкулездің тұрақты түрін емдеуге мамандандырылып, қайтадан құрылды.

Катерлі ісік аурушандығы соңғы 3 жылда бірдеңгейде қалып, (100 мың тұрғынға 2011 ж.-135,8; 2012 ж.-138,0, 2013ж.-138,1), катерлі ісіктен өлім көрсеткіші 2012 жылмен салыстырғанда 9,8 пайызға (100 тұрғынға 2011ж.-86,5; 2012 ж.-87,0,

жасалуда.

Денсаулық сақтау саласының басты мақсаты — медициналық қызметтердің сапасын көтеру және оған халықтың қолжетімділігін арттыру. Бірыңғай Ұлттық денсаулық сақтау жүйесі енгізілуі төсек орындарды тиімді пайдаланып, халық қажеттігіне байланысты қайта құруға мүмкіндік берді. Нәтижесінде, тұрғындарды тәуліктік стационарға жатқызу деңгейі 2012 жылмен салыстырғанда 3 пайызға төмендеп (2012ж.-1564839 наукас;

сеткіші — 1,5-ті құрайды, республикалық көрсеткіш — 12,0).

Жалпы өлім құрылымындағы алаңдатышылық туыдырып отырған көрсеткіш — жол-көлік апатынан қаза болғандар санының азаю тенденциясының байқалмауы. Жыл көлемінде облыста 413 жол-көлік оқиғасы тіркеліп, 125 (2012 ж. — 121) адам қаза тапса, 530 адам әртүрлі дене жарақатын алған. Осы бағыттағы сектораралық жұмыстарды жүйелі түрде жандандыру — келешек енісінде.

жетілдірілі.

Соңғы жылдары жоғары білімді медицина кадрлары тапшылығының төмендеу тенденциясы байқалуда, әсіресе ауылдық жерлерде соңғы 3 жылда дәрігерлер тапшылығы 43,7-ден 33,3 (10,4%) пайызға төмендеді. Бұл он көрсеткішке Елбасының қолдауымен «Дипломмен — ауылға!» бағдарламасы, шеңберінде әлеуметтік салаға қажетті мамандарды ауылдық жерлерге жұмысқа тарту және оларды тұрақтандыру мақсатында көрс-

оның ішінде: өтініші — 520 (2012 ж.- 798), шағымы — 65(2012 ж.- 98). Арыздардың басым көпшілігі медициналық қызметке лицензия беруді тұрғысында болса, екінші кезекте — халықты медициналық көмек сапасы қанағаттандырмайды, үшінші кезекте — медицина қызметкерлерінің этика және деонтология принциптерін сақтамау, науқастарға немқұрайлы немесе бейжай қарау салдарынан болып отыр. Аталмыш арыз-шағымдар негізінде жыл көлемінде 41 (2012-56) медицина қызметкеріне тәртіптік шара көрілген. Өрине, бұл жайттар медицина қызметкерлерін толандыруы қажет. Осы бағытта біршама жұмыстар атқарылуда. Облыстық денсаулық сақтау басқармасында тәулік бойы «сенім телефоны» жұмыс істейді.

Емдеу ұйымдарының материалдық-техникалық жағдайы. Облыстық денсаулық басқармасы емдеу ұйымдарының материалдық-техникалық базасын жақсарту, әлеуметтік инфрақұрылымдарды, ауруханаларды жанар-тұда қолмақты жұмыстар атқарды. Атап айтқанда, 2013 жылы «350 дәрігерлік амбулатория, фельдшерлік-акушерлік пункт пен емхана» бағдарламасы бойынша Шиелі ауданының орталығында ауысымына 250 адамды қабылдайтын емхана құрылысы аяқталып, пайдалануға берілді.

Тереңөзек кентіндегі ауысымына 250 адам қабылдайтын аудандық емхана құрылысын бастауға 773,7 млн. теңге бөлінді. Жосалы кентіндегі ауысымына 250 адам қабылдайтын аудандық емхана құрылысын бастауға 581,6 млн. теңге бөлініп, жұмыстар жүргізілді.

Осы бағдарлама аясында жергілікті бюджеттен 6 дәрігерлік амбулаторияның (Сырдария ауданындағы Бесарық, Айдарлы, Қазалы ауданындағы Басықара, Жанқожа, Жалағаш ауданындағы Аққыр, Шиелі ауданындағы Жахаев) құрылысын бастауға 526,8 млн. теңге бөлінді. Қармакшы ауданындағы Төретам кентіндегі ауылдық емхананың құрылысы аяқталып, қолданысқа берілді. Сексеуіл ауылдық емханасының және 10 дәрігерлік амбулаториялардың (Қазалы ауданының Қожабақы, Жалаңтөс, Мұратбаев, Түктібаев, Қызылорда қаласындағы Қызылжар, Махамбет, Коммунизм, Шиелі ауданындағы Бидәйкөл, Сырдария ауданындағы Шіркелі, Қармакшы ауданындағы ІІІ Интернационал) жобалық-сметалық құжаттамаларын дайындауға 134,1 млн. теңге бөлінді.

Соңымен қатар, 2013 жылы «Жұмыспен қамту-2020» бағдарламасы бойынша республикалық бюджеттен 9 (Қазалы ауданындағы Пірімов, Шөкен, Қожабақы Сырдария ауданындағы Іңкәрәрия, Арал ауданындағы Қамыстыбас, Аралқұм, Абай, Жалағаш ауданындағы Шөменов, Шиелі ауданындағы Сұлутөбе) дәрігерлік амбулаториясының құрылысын жүргізуге 774,5 млн. теңге қаражат бөлініп, 2013 жылы 6 дәрігерлік амбулатория пайдалануға берілді, қалған 3 дәрігерлік амбулатория 2014 жылы наурыз айында беру жоспарлануда.

Жергілікті бюджет қаражаты есебінен 6 денсаулық сақтау ұйымын күрделі жөндеуден өткізуге қалалық туберкулезге қарсы күрес диспансеріне — 42,6 млн. теңге, облыстық тері-жінішке аурулар диспансеріне — 24,3 млн. теңге, Арал, Шиелі, Жанакорған, Қармакшы аудандық аурухана ларына 105,4 млн. теңге қаражат қаралып, күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді.

2013 жылдың 12 айлық қорытындысы бойынша денсаулық сақтау басқармасына қарасты бюджеттік бағдарламалардың төлемдері бойынша жоспарланған 24 031,2 млн. теңгенің 23 981,4 млн. теңгесі, яғни 99,8 % игерілді (49,8 млн. теңге) (2012 жылы 99,7%). Оның ішінде: республикалық бюджеттен бөлінген ағымдағы трансферттер бойынша төлем жоспарына сәйкес 9 015,3 млн. теңгенің 99,8 % игерілді. (2012 жылы 99,3%), жергілікті бюджеттен бөлінген 15 015,8 млн. теңгенің 99,8% игерілді. (2012 жылы 99,9%).

2014 жылғы бюджеттің ерекшеліктері:

- 2014 жылға денсаулық сақтау саласының құрылысына республикалық бюджеттен 1708,3 млн. теңге қаражат қаралды. Қызылорда қаласындағы 200 төсектік көп бейінді балалар ауруханасының құрылысының және елді мекендерде 7 дәрігерлік амбулатория құрылыстары басталса, Қармакшы, Жалағаш, Сырдария аудандар орталықтарында бір ауысымда 250 адам қабылдайтын емхана құрылысын аяқтау жоспарлануда.

- Жергілікті бюджет қаражаты есебінен бір ауылдық емхана мен 3 дәрігерлік амбулатория құрылысы басталу жоспарланса, облыстағы 31 нысанның құрылысына жобалау сметалық құжаттар жасауға өтінім беріліп отыр.

- 9 нысанның күрделі жөндеуден өткізуге 910 381 мың теңге қаржы қаралды, оның ішінде 4 нысанға 388 789 мың теңге «Жол картасы» бағдарламасы аясында қаралып отыр.

- Сонымен қатар, қазіргі таңда, 1021,9 млн. теңгеге дайын күрделі жөндеуді қажет ететін 14 нысанның ЖСК бар, оның ішінде «Жол картасы» бағдарламасы аясында 7 нысанға 412,8 млн. теңге.

- 74 бірлік санитарлық автокөліктер сатып алуға — 190 920 мың теңге, материалдық-техникалық жабдықтауға (мел.құрал-жабдыктар сатып алу) 974 818 мың теңге жоспарлануда.

- Жалпы 13 ауылдық аурухананы ашу қаралса, оның ішінде 4-і 2014 жылы ашуға қаржы қаралып отыр, сонымен қатар осы 13 ауылдық ауруханаларды медициналық құрал-жабдықтармен жабдықтауға 111 839 мың теңге қаралып отыр.

- Жол картасын іске асыруға 2014 жылғы бюджет жобасында 1 929 113 мың теңге қосымша қарастырылып отыр.

2014 жылы алға қойған міндеттеріміз:

1. Ана мен бала денсаулығын қорғау бағытындағы жұмыстарды жүйелі атқару;

2. Стационарлық көмек көлемін оңтайландырып, стационар алмастыру қызметін жетілдіру;

3. Профилактикалық медициналық дамыту, аурудың алдын алу, оларды ерте сатысында анықтау бағытындағы жоспарлы жұмыстарды сапалы атқару;

4. Стоматологиялық көмекті жетілдіру шараларын ұйымдастыру: мемлекеттік стоматологиялық емхана қызметін үйлестіру, мектеп жасындағы балаларды сауықтыру;

5. Емдеу ұйымдарының материалдық-техникалық базасын нығайту бағытындағы жұмыстарды жалғастыру;

6. Салаға қарастырылған қаржыны тиімді жұмсау, оның толық және мақсатты игерілуін қамтамасыз ету.

Иран ШАМТЕКОВ,
облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы.

«ПетроҚазақстан Күмкөл Ресорсиз» АҚ «ПетроҚазақстан компаниясының Қызылорда облысы бойынша 2014 жылға арналған стипендиялық бағдарламасына» қатысуға өтініштер қабылдайтын туралы хабарлайды.



Бұл стипендиялық бағдарлама Қызылорда облысындағы дарынды жастардың сапалы білім алуына ықпал ету үшін жасалған және онда мұнай-газ саласындағы барынша қажет етілетін жоғары білім мамандықтары бойынша КР азаматтарының бакалавр дәрежесін алуына арналған атаулы стипендиялар қаралады.

Мемлекеттік грант иегерлері бұл стипендиялық бағдарламаға қатыса алмайды.

Мамандық:

Мұнай-газ ісі

Оқудың басталуы: қыркүйек, 2014 жыл.

Стипендиялық бағдарламаға қатысу үшін үміткерлердің:

1. КР азаматтығы, Қызылорда облысындағы тұрғылықты тіркелімі;
2. Орта білімі, 2014 жылғы мектеп бітіруді қоса алғанда;
3. Жасы 2014 жылғы 31 наурыздағы жағдай бойынша 21-ден аспаған;
4. Үлгілерінің орташа балы — 5 балдық жүйе бойынша кемінде 4,4 балдық бағалау жүйесі (СР) бойынша кемінде 3,3;
5. Ағылшын тілін жақсы меңгерген деңгейі болуға тиіс.

Іріктеу процесі мынадай кезеңдерден тұрады:

1-кезең

Үміткерлердің өтініштерін міндетті талаптарға сәйкестігі бойынша іріктеу.

2-кезең

Жалпы білім беру бағдарламасының бес пәні: математика, қазақ тілі, орыс тілі, Қазақстан тарихы, физика бойынша кешенді сынақ тапсыру.

3-кезең

Ағылшын тілінен сынақ тапсыру.

4-кезең

Іріктеу комиссиясының алдыңғы кезеңдерден сүрінбей өткен үміткерлермен жеке әңгімелесу.

5-кезең

Академиялық үлгірімді нәтижесі 75 (жетпіс бес) балдан кем емес мемлекеттік үлгірімді ҰБТ сертификатпен растау.

6-кезең

Өтініштердің университет тарапынан іріктелуі және оқуға қабылдау.

Қатысу өтінімдерін тапсыруға қажетті түпнұсқа құжаттардың тізімі:

1. Үлгірімді растайтын құжат;

- a. 11-сынып оқушылары үшін 10 және 11 сыныптағы үлгірімді табелі;

- b. Студенттер үшін ресми транскрипт (үлгірім парағы);

2. Жеке куәлік;

3. 3x4 сурет - 2 дана.

4. 2012 жылғы ҰБТ сертификаты (бар болса);

5. Шет тілінен ресми сертификаттары (ағылшын тілінен - TOEFL / IELTS, қытай тілінен - HSK), (бар болса);

6. Қалалық, облыстық, республикалық және халықаралық олимпиадалар мен конкурстардың дипломдары (бар болса);

7. Қабылдау комиссиясы қажетіне қарай басқа растайтын құжаттарды сұрату құқығын өзінде қалдырады.

Құжаттар 2014 жылғы 11-31 наурызды қоса алған мерзім аралығында мейрам демалыс күндерінен, сенбі және жексенбіден басқа күндері сағат 08.30-дан 12.30-ға дейін мына мекенжайда қабылданады: Қызылорда қаласы «Көспіподақтар үйі» ғимараты, Өйтеке би көшесі, 17, 3-қабат, 12-кабинет, қызметкерлерді оқыту және дамыту бөлімі.

Анықтама алу телефоны: 8 (7242) 29-93-61.

Құжаттар қабылдаудың соңғы мерзімі - 31 наурыз, 2014 ж., 12:30-ға дейін!

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

«ПетроҚазақстан Күмкөл Ресорсиз» АҚ компаниясы барлық құрылыс, көлік, мұнай өндіру және басқа компаниялар мен кәсіпорындардың басшыларының назарына «Күмкөл-Арысқұм-Жоғалы» магистралыды мұнай құбырының Қарағанды облысы Ұлытау ауданының, Қызылорда облысының Сырдария, Жалағаш және Қармакшы аудандарының аумағымен өтетінін жеткізеді. Магистралыды құбырларды қорғау ережелерінің талаптарына сәйкес «ПетроҚазақстан Күмкөл Ресорсиз» АҚ-ның жазбаша рұқсатынсыз қорғау аймақтарында (құбырдың екі жағынан 25 м) қандай да бір жұмыс түрлерін жүргізеулеріңізді сұраймыз. Автокөлік егелерінен және жақын маңда орналасқан елді мекен тұрғындарының құбыр өтетін жолға тауа жердегі қозғалыс қауіпсіздігінің ережесін сақтауларын, құбыр желісінің бүтіндігін бұзбай қорғауларын және қорғау аймағында тек белгіленген автокөлімнен жүрулерін сұраймыз.

«ПетроҚазақстан Күмкөл Ресорсиз» АҚ басшылығы.

Жарамсыз деп есептелсін

Байназарова Минауұл Қожасоңғаровтың атына Тасбөгей кенті, М. Шоқай көшесі 19 үй, 1 пәтерге берілген пәтерді жекекешендіру туралы келісім-шарты (№20858, 7.06.1999ж.) жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

Сапаров Нұрболат Ерсейіновтің атына Қазалы ауданы, Бозқал ауылындағы №96 Қарсақал Ермбет атындағы орта мектепті 2002 жылы бітіргені жөнінде берілген ОБ 0685206 аттестаты жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

Абрахманов Орынбасар Амантаевичтің атына Қызылорда қаласы, 8 март көшесі 35 үйге берілген жер учаскесіне мерзімсіз пайдалану туралы 02.08.1985 жылы келісім-шарттың жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

Айтбаева Аяғоз Ермекевичтің атына Қызылорда «Қызмет» колледжін 2011 жылы бітірген жөнінде берілген ТКБ №0071934 дипломы қосымшасымен жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

«Сыр Медиа» ЖШС ұжымы әріптесіміз, «Нұр Отан» партиясы облыстық филиалы қоғамдық-саяси жұмыстар бөлімінің меңгерушісі Қаныбек Әбдуовке ағасы.

Жарқынектің

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

И.Әбдікерімов атындағы Қызылорда аграрлық-техникалық колледжінгің өкімдеріңізді, кәсіподақ ұйымы және ұжымы осы колледждің теміржол бөлімшесінің меңгерушісі Бисембаева Сауле Бәкенқызына ағасы

Мұратбек Бәкенқызының

мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.



техникумына оқуға түседі. Отан алдындағы борышын өтей жүріп, Алматыдағы Қазақ Мемлекеттік ауыл шаруашылығы институтының студенті атанды. 1967 жылы білім ордасын тәмамдап, еңбек жолын «ОЖКаз-ЭлектросетСтрой» мекемесінің Қызылорда қаласындағы бөлімшесінде шебер болып қызметке орналасқан

САҒЫНДЫҚ, ӘКЕ, ӨЗІңДІ...

Сүйікті жар, қимас бауыр,

адал дос, әулетімдізді арыстан азаматы, аластудай ақсарымен Ертай Мырзахметұлынан қапияда айырылып қалдық. Төрімізде төбедей болып отырып, ақыл-кеңесін беретін, арқасүйер әкеміздің қуанышпен өткеніне де қырық күн болды.

Ертай Мырзахметұлы 1938 жылы Шиелі ауданы, Бала би ауылында дүниеге келді. №50 Абай атындағы орта мектепті бітіріп, Ташкент қаласындағы ауыл шаруашылығын механизациялау Отан алдындағы борышын өтей жүріп, Алматыдағы Қазақ Мемлекеттік ауыл шаруашылығы институтының студенті атанды. 1967 жылы білім ордасын тәмамдап, еңбек жолын «ОЖКаз-ЭлектросетСтрой» мекемесінің Қызылорда қаласындағы бөлімшесінде шебер болып қызметке орналасқан

ол мекеме басшысына дейін көтерілді.

Әкеміз елдің дамуы жолында көптеген үлес қосқаны үшін Бик қарапайдарға ие болды. Ол еңбек ардагері атанды. Сол кезеңдегі Байланыс министрлігін құрметке бөлгенді. 2006 жылы зейнеткерлікке шықты.

Әкеміз сүйікті жары Назирамен дүниеге төрт қыз алып келді. Әкеміздің барлығы біздің жағары білімді, білікті маман болуымыз еді. Бүгінде әкеміздің арқасында барлығымыз өз орнымызды тапқан жағары білімді жандармыз. Біреуіміз құқық қорғау саласында еңбек етсек, енді біріміз ЖОО-да аға оқытушы, ал еквеміз жеке кәсіптен айналысамыз. Әкеміздің бізді ешкімнен кем қылмай, халқыңа қалауы, еліне елеулі азамат етіп тәрбиеленгеніне алғысымыз шексіз. Күн өткен сайын сіздің орныңыз қатты білнуде. Жатқан жеріңіз жайлы, жаныңыз жаннатта, иманыңыз жолдас болсын.

Әкеміз Ертай Мырзахметұлының қырық 2014 жылдың 14 наурызында сағат 12.00-де «Ақмешіт-Сырдария» мешітінде өтетінін барлық ағайын-туысқа, құда-жекежаттарына, үзегілес достарына хабарлаймыз.

Еске алушылар: **зайыбы, балалары, бауырлары.**

ЖОҚТЫҒЫҢА КӨҢІЛІМ СЕНБЕЙДІ

Келер жылы мерейтойыңа орай бір естелік жазсам ба деп жүр едім. Аман ел, Алла ол тіпекке жеткізбеді. Сонау 1951 жылы жаздыраған көктемде, наурыздың 8-н күні әкеміз Тажмахан мен анамыз Хадисшаны қуантып дүниеге келген Шарбан атты ғажап есімнің иесі 2014 жылдың 18-ші қаңтарына қараған түні бауырлары мен балаларын, отағасы мен достарын етілдіріп бұл дүниеден қоштасты. Тайғамбар жасы 63-не келгенде емірден озды да кете барды. Алла тағаланың ісіне аман бар ма? 1989 жылдың жаз айында ауылда мұғалімдік қызмет жасап жүрген мен папамнан рұқсат алып, өзінің қасына шақырып алған едің. Сол кезде Қызылорда қаласында өзің қызмет жасап жүрген

Қазақ халқында «Досты періште қосады, құданы құдай қосады» деген әдемі бір қағидат бар. Ал, біздің әңгімеге арқау етіп отырған екі адамымыздың пікірлес-достас болуының ең басты себебі – замана арпалысы, дәуір тынысы. Себеппен сылтау арбаға мінеді деген сөз осындайда айтылса керек.

Бұл уақытта Кеңес елі фашистік Германиямен жан алысып, жан берісіп, шайқасып жатқан кез еді. 1941-1945 жылдар дүниедегі тұңғыш социалистік ел үшін ауыр күндер мен түндер болды. Ол тарихқа – Ұлы Отан соғысы болып енді.

Ал, көршілес Қытай елі болса, Жапонияның шапқыншылық дәуірін бастан кешіп жатты. Кеңес елі соғыста Германияны жеңді, 1945 жылы 8-мамырда сөзсіз тізе бұғу актісіне қол қойылды. 1945 жылдың тамыз айында Кеңес елі Германияның одақтасы Жапонияға соғыс ашты да, қыркүйектің басында Қызыл Армия Квантун армиясын талқандады. Осы кезеңде Қытай елі азаттық алды. Мао Цзе-Дун Кеңес елінің басшысы И.В.Сталинге жеделхат жолдады.

Ал, 1975 жылы тамыз айында Мао Цзе Дун былай деп жазды: Қызыл Армия қытай халқына агрессорларды жою үшін көмекке келді. Қытай тарихында мұндай үлгі ешқашан болған емес. Мұндай оқиғаның әсері баға жеткісіз болды.

Біздің тарихқа үңілгеніміз, біріншіден тарихи оқиға арқылы оқырманға ой салу, екіншіден екі елдің өнер адамының өзара қарым-қатынасы ақырында достыққа ұласуы дәл осы кезең еді.

ЕКІ ДОС

Қазақ елінің алтын шаңырағындағы Бақытжан Байқадамов (1917-1977 ж.) өнер жолына өте ерте түсті. Оған әкесі мен анасының өнершіл болуы ықпал етті. Байқадам Каралдин оқуған жоғары дәрежедегі интеллигент өкілі еді. Кеңес еліне қуанышпен қызмет етті. Торғайдың ревком жетекшісі болды. Оның жақсы көретін әні – Ахмет Байтұрсынұлының «Аққұм» әні еді. Байғұс әке жаладан істі болып, ақыры шейіт болды. Анасы Үрзипа Санкт-Петербургдағы Бестужев оқу орнын бітірген. Сол замандағы бүкіл қазақ қызла-рына үлгі іспеттес. Қалірі ала-ул-қызының кызығын көріп, өткен дәуірдің 90-жыл-дарының ортасында кайтыс болды.

Б.Байқадамов музыкалық өнердің бар-лық саласында қалам тартты. Сюита, сим-фониялары, әсіресе өңдері жастарды төр-белеуге зор ықпал етті. Оның «Айгөлек» әні бүкіл Кеңес еліне таралы десе болады. Ал, Мао Цзе-Дун бұл әнді өле сүйіп тың-даған, оны біз өнер тарихынан білеміз. Қазақстанның өнеріне еңбегі сінген қай-раткері Б.Байқадамов артында мол мұра қал-дырды. Мен Бақытжан аға жайлы «Ба-зактын Дунаевскийі» атты көсемсөз жаз-дым, ол кезінде бұқаралық ақпаратта жарияланды.

Міне, осындай аласапыран кезеңде Алматыға жел қуған қанбақтай қытай композиторы Сиен Син-хай келіп еді. Бұл 1942 жылдың аяғы мен 1943 жылдың басы болатын. Ол бұған дейін Мәскеуде, Ұлан-Баторда болған. Мәскеуге барған себебі, қытай бейнефильмін дыбыстауды, оған жәрдем алуы мақсұт тұтқан.

Осы уақытта Қытайдың 8-ші ұлт-азаттық армиясының данкы асып тұрған шағы еді. Әлгі кинолента осы саяси жағдайдан туын-даған болатын.

С.Син-хай Алматыға келгенде қалта-сында көк тиыны да болмады. Яғни, барар жер, басар тау қалмай, әбден қиналды. «Адамдар, әсіресе, армия әнсіз өмір суре алмайды, ән болмаса, олар тобырға айна-лады» – деп өзі айтқандай ән дариясын шал-қытып жүрген есімі елге танылып қалған өнер қайраткеріне тап болады. Ол ком-позитор Бақытжан Байқадамов болатын. «Ән дегеніміз – өмір, өмір дегеніміз – ән» – деп пәлсапалайтын Бақытжан аға салған жерден С.Син-хайдың мүшкіл халі бірден ұғып, екі сөзге келместен үйіне ертіп өкеледі. Айналырған екі бөлмелі камыс үйде анасымен қоса екі қарындасы, екі інісі тұрып жатқан-ды. Анасы Үрзипа қонақтың жай-күйін бірден байқайды да, ләм-мим деп тіл қатпайды. Оқығандығы көрініп-ақ тұр. Бар айтқаны: «Мен асты қызғанбаймын ғой, тек жатар орын ғана қиналай...». Син-хай көп ұзамай Бақытжанның апасы Данаби-кенін бір бөлмесіне көшеді. Еруліге қарулы дегендей, күнкөріс осылай жүріп жатты. Қазақта «Дос басқа қарайды, дұшпан аякқа қарайды» деген әдемі ұғым бар. Көңіл сыйған соң, тар үй, болмашы ас – бөрі де ұмытылады.

Қытай елі Конфуцийді қалай құрмет тұтса, біз өз-Фарабиді мақтан етеміз. Осы ұлы адамның жолын қуған данышпан ақын Абай «Дөң аспай жатып ант ұрды» деп лайықсыз dossымақтарды ожуалап күлкіге айналдырған. Бүгін тату, ертен қату келетін адамдардан сактандырған.

Біз Сиен Син-хайдың шығармашылығын қаламгер ретінде біркісідей-ақ білеміз. Өйткені мен қазақтың музыкалық өнері жайлы кітап жазып, онда еліміздің мақтан тұтар композиторлары, олардың шығар-маларымен қатар қытай композиторы Сиен Син-хайдың да өмірбаянымен бірге аз-кем

шығармаларын енгіздім. («Ғасырдан ғасыр-ға» – Алматы, 2000 ж. «Дәуір» баспасы). «Ұлт-азаттық» симфониясы, «Хуан-Хэ» кантатасы және 500-ге жуық өндері бар, әсіресе, әскери жауынгерлерге арнап жазған марш екіпіндес шығармалары екі көрші елдің мәдени мұрасы болып есептеледі десем, артық кетпеспін.

Сиен Син-хай қазақтың кейбір халық өндерін өңдеп, домбыра ансамблінің орын-дауына лайықтады. Оны біз композитордың Костанай облыстық филармониясында қызмет атқарған тұста байқалдық. Компо-зитор ұлттық батыр Аманкелдінің бейнесін беру мақсатында көп оқыды, зерттеді, ел аралады. Ақырында «Аманкелді» симфо-ниясын жазып, оны Костанай театрында 1944 жылы 17-маусым күні халық алдында орындап берген. Салтанатты осы жынға көп кездегі Костанай облыстық атқару комитетінің төрағасы Даниял Керімбаев қатысып, композиторды құттықтап сөз сөйледі.

Біздің естуімізше, Сиен Син-хай осы симфонияны жазу үстінде мың шақы-рымдай жерді жауу аралаған (Торғай өлке-сі). Сірә, ол казактын тұңғыш бейнефильмі «Аманкелдіні», 1938 жылы шыққан еді, төрт-бес рет көрген болар. Бір ғажабы, екі дос бір-біріне шын көңілден аяушылық білдір-гендей іштей ұғысатын. Бақытжан өкесінен тірілей айырылды, «халық жауының» баласы атанды, ал, Сиен Син-хай болса, соғыстың ланынан шекара жабылып, елін, туған жерін көре алмай кішкентай қызы Ни-Наны өмірене сүйе алмай арып-ашып, жүдеп-жадап шарасыздық күй кешті. С.Син-хайдың өмірден ертерек кетуі Бақытжанға тағы да уайым өкелді. Син-хай досының өкесі Байқадамовын 1957 жылы толық ақталғанын ести алмаса да, композитор досының Ұлы Отан соғысында Мәскеуді немістерден қорғаған 316-атқыштар диви-зиясының командирі генерал И.Панфилов-тың қызы Валентинаға үйленуін қуана қарсы алды. Сол тойға қатысып, екі алтын-ның сынығы, екі тұлпардың тұяғы деп

ШАРА

8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні мерекесіне орай Жаңақорған аудан-дық мұрағат мекемесі өздерінде жинақталған құжаттар мен деректі материалдар негізінде «Ана – өмір өзегі» атты қызықты шара өткізді.

Мұрағат қызметкерлері бұл шараның басты кейіпкері ретінде белгілі қайраткер Әзия Кыстау-баеваны шақырыпты. Кезінде трактор руліне отырып, Сыр салысынан мол өнім алуға қол жеткізген қайсар қыз Ленин ком-сомолы сыйлығының лауреаты атанды, «Еңбек Қызыл Ту» орде-німен марапатталды. 1980-жылы Каз ССР Жарарғы Кеңесінің депутаттығына да сайланды. Бер-тінде бригадир, партком хатшы-сы, ауылдық кеңес төрағасы атанған Әзия соңғы 22 жыл бойы ауыл әкімі қызметін атқарып келеді. Ауыл тұрғындарының ауызбірлігін сақтап, елді Елбасы бағырламаларын орындауға жұ-мылдарып келе жатқан ол соны-мен қатар көп бала өсірген ардақ-ты ана. Жан жары Кенбай екеуі үш ұл, екі қыз өсіріп, бұл күндері жеті-сегіз немере сүйіп отыр. Қажырлы еңбегі арқылы ел құр-метіне бөленген Әзия Елбасының



қабылдауында да болды. Қалай айтканда да айтар ойы мен жама-ғатқа көрсетер енегесі мол жан екендігі анық. Кезлесу барысында аудандық мұрағаттың директоры Зағипа Жолдауын қолдау барысында республика көлемін-де өткізіліп жатқан семинар аясында <http://www.matritca.kz> саяси порталы мен <http://45minut.org> ағасын порталы «Болашақты бірге жасаймыз» атты шығармашылық жұмыстардың конкурсын ұйымдастырудамыз. Шешуші кезеңі жақындал қалды. Ұстаздар әрдайым портал жұмысына атсалысып, белсенді жұмыс істегенін қалаймыз - дейді <http://45minut.org> порталының бас редакторы І.Нағиев.

Педагогтың кәсіби құзыреттілік ұғымы тұлған-ын біртұтас құрылымдағы теориялық және тәжірибелік дайындығының бірлігі. Осындай қағидатты жолға қойған портал білім саласының жана ІТ ұнпағағына айналуы көздейді.

Нұрбек ДӘУРЕНБЕКОВ.

ПЕДАГОГҚА АРНАЛҒАН ПОРТАЛ

Облыс орталығындағы №43 Ж.Махамбетов атындағы орта мектепте «Болашақты бірге жасаймыз» тақырыбында республикалық ғылыми-тәжірибелік семинар кеңес өтті.

Семинарға республикалық, облыстық, қалалық білім сайыстарының жөнімпаздары мен орта мектеп мүгалімдері қатысты. Ұстаздар білімін саралайтын кеңесті қалалық білім бөлімі, республикалық <http://45minut.org> интернет және баспа басылымы мен мектеп ұжымы ұйымдастырды.

Ұстаздарға арналған танымал интернет порталдың редакторы Ізгілік Нағиев, білім сала-сындағы бүгінгі жанашырлықты, заманауи құрыл-ғылармен жұмыс істей білуі оны тиімді пайдалана білу тәсілдерімен бөлісті. Екі кезеңнен тұратын семинарда қатысушылар өз жұмыстарын көрсетті. Әдістемелік және секциялық бағытта өткен кеңесте білікті ұстаздарға арнайы сертификаттар мен алғыс хаттар табыс етілді.

— Қазіргі таңда дүниежүзілік білім жүйесі денгейіне сәйкес келетін, сапалы білім беруге

Газетіміздің келесі саны 15 наурыз, сенбі күні шығады.



тебірене сөз сөйлейді. Бұл 1944 жыл еді. С.Син-хай уақытша жүрсе де Алматы, Костанай, Торғай аймақтарын өзінің кіндік қаны тамған Гуан-Дун өлкесі, Пан-уй уезі аймағы төріздес жанымен сүйді. Көбік шашқан Хуан-Хэ өзенін қалай мақтан тұтса, Торғай, Кабырға, Алматы өзгендерінің суын, оның балдай дәмін ұмытастан кетті. Сыр бойының Темір деген ақыны:

Табаны тастан таймаған,
Жүрегі жаудан қайтпаған.
Ел ішінде ерлер бар,
Бес қаруын сайлаған, — дейді.

«Сен үшін жаның қиятын, білетін арын, ұятын, туысы бөлек маркасқа» деп дүлдүл ақын Тұрмағамбет жырлағандай, екі елдің екі композиторының достығы, бәлкім, бүгінгі көрші екі мемлекеттің өскелең жас ұрпағына үлкен сабақ болар. Достықта жоқ шекара деген осы да. Қазақта «өкен өлсе де, өкенің көзін көрген өлмесін» деген мәтелге айналып кеткен бір арқау бар. Сол сияқты Б.Байқадамовтың Балдырған, Айгүл, Алуа атты қыздары, композитордың қарындасы профессор Күнімжан, Данабикенің қызы Қаламқас Сиен Син-хайдың қызы Ни-Намен туыстай араласып тұралы. Өкесінің жолын қуған Балдырған өкесіне арнап 2000 жылы мұражай ашты. Сол үйге Сиен-Син-хайға бағыштап ескерткіш тақта қойғызды. Осы мұражайдың ашылу салтанатына Елбасы Н.Ә.Назарбаевпен бірге Қытайдың Премьер-министрі Цзян Цзэ-Мин де қатыс-ты. Ал, казак үкіметі Қытайдың ұлы компо-зиторын есте сақтау үшін Алматының үлкен бір көшесіне оның есімін берді. Қоладан ескерткіш қойды.

Көп жылғы еңбегіміздің еншісіндей, екі халықтың ұлы қайраткерлері – Бақытжан Байқадамов пен Сиен Син-хайдың өмірдегі достығы жайлы киношенарий жазып аяқта-ды. Осы бір шағын толғау-әссе қос компо-зиторға деген менің шын жүректен шыққан зор ітіпатым, құрметім болсын.

Шаймерден ТӨЛЕГЕНҰЛЫ,
журналист-жазушы,
Астана қаласы.

Депозит

9.4%

Алғашқы салым 1000 тт бастап
Мерзімі: 18 ай
Алу/толықтыру шектеусіз

* Тиімді сыйақы мөлшерлемесі
9,4 % жылдық

HOME CREDIT BANK

БАНК
ХОУМ КРЕДИТ

Төз, оңай, тиімді

Байғулиев Галымжан, сот.: 8-771-779-9773

ҚАЗПОЧТА

бөлімшелерінде рәсімдеңіз

АЛАШТЫҢ АНАСЫНАН
АНАДОЛЫҒА САПАР

Наурыздың 15-27-сі аралығында Алаштың анасы атанған Сырдың бойы мен туысқан Түркия елінің Анкара, Стамбұл және Ескішехир, тағы басқа қалаларын өнердің алтын көпірі жалғамақ.

Түрксой халықаралық ұйымының қолдауымен облыстық филармонияның бас директоры Талғат Мақашов бастаған өнер ұжымдары – “Ақмешіт” фольклорлық ансамблі, “Томирис” би ансамблі түбі бір түркі ағайындарға қазақ өнерін дәріптейді. Сондай-ақ Анадолы жеріне дәстүрлі орындаушылар, Сыр бойындағы жыр ауалық мектептердің бас өкілдері Марат Сүгірбай, Күнсұлу Түрікпенова, Нұртілек Ақтаев, Эльвира Есназарова, классикалық өнші Ұлпан Әбдікерімова, биші Замира Ыстықбаева да Сырдың сөлемі ала бармақ. Сапар сәтті болғай.

М.МЕРЕЙ.

ҚЫЗМЕТКЕ КОНКУРС

Қызылорда облыстық ішкі саясат басқармасы бос мемлекеттік Әкімшілік лауазыма орналасуа конкурс жариялайды.

Талдау, мониторинг және интернет ресурстармен жұмыс жасау бөлімінің бас маманы (Д-О-4). Қызмет атқарған жылдарына байланысты лауазымдық жапақысы 64063.14 теңгеден 86485.24 теңгеге дейін (экологиялық коэффициенті есепке алмағанда).

Қызметтік міндеттері:

Ішкі саясат, қоғамдық саяси жағдайдың өзгеруі және ақпараттық-саяси жұмыстар бағытталған мәселелер бойынша сараптама материалдар дайындау. Мемлекеттік саясаттың басым бағыттары және ҚР Президентінің жыл сайынғы халыққа арнаған Жолдауының негізгі мақсатында ақпараттық-саяси хаттық топтардың жұмыстарын үйлестіру, талдау жасау арқылы тиісті жоғарғы органдарға уақытлы ақпарат жолдау. Облыс көлемінде әлеуметтік желілердегі, интернет сайттардағы белсенді блогерлермен жұмыс жасау мен интернет сайттардағы облыс көлеміндегі қоғамдық-саяси ақуалға кері әсер етуші түрлі мақалалар, пікірлерге талдау жасау. Талдау қорытындысы бойынша ұсыныстар дайындау. Интернет сайттарда облыс көлеміндегі қоғамдық-саяси ақуалға кері әсер етуші түрлі мақалалар, пікірлерге талдау жасау. Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде жүзеге асырылатын жобалары бойынша басқарма мен әлеуметтік өнім беруші арасында жасалған келісім-шартқа сәйкес есебін қабылдау.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:

Жоғары әлеуметтік ғылым немесе қоғамдық байланыс білімі немесе экономикалық, гуманитарлық, педагогикалық немесе заңгерлік білім.

Мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес немесе осы санаттағы нақты лауазымның функционалды бағытына сәйкес облыстарда екі жылдан кем емес жұмыс өтілі бар болған жағдайда ортадан кейінгі білімі барларға рұқсат етіледі.

Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының Президенті туралы», «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» Конституциялық заңдарын, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы», «Сыйбалас қоржымлыққа қарсы күрес туралы», «Қиыншілік рәсімдер туралы», «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңдарын, осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес облыстардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптастырған мемлекеттің жаңа саяси бағыты» стратегиясын білуі.

Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалды міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білімдер:

Конкурс Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасының 2013 жылғы 19 наурыздағы №06-7/32 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік Әкімшілік лауазымдарға орналасуға конкурс өткізу және конкурс комиссиясын қалыптас-тыру қағидаларына» сәйкес өткізіледі.

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген азаматтар конкурс өткізетін мемлекеттік органды мынадай құжаттарын тапсырады:

1) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысандағы өтініш;

2) 3x4 үлгідегі суретпен осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысанда толықтырылған сауалнама;

3) білімі туралы құжаттардың нотариалдық куәландырылған көшірмелері;

4) еңбек қызметін растайтын құжаттың нотариалдық куәландырылған көшірмесі;

5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2010 жылғы 23 қарашадағы №907 бұйрығымен бекітілген нысандағы денсаулығы туралы анықтама;

6) Қазақстан Республикасы азаматтының жеке куәлігінің көшірмесі;

7) құжаттарды тапсыру сәтінде уәкілетті органдың белгіленген шекті мәннен төмен емес нәтижемен теспілеуден өткені туралы қолданыстағы сертификат (немесе нотариалдық куәландырылған сертификат көшірмесі).

Егер азамат еңбек қызметін тұрақты түрде асырмаған және конкурс жарияланған бас лауазым бойынша жұмыс өтілі талап етілмейтін жағдайларда осы тармақтың 4) тармақшасында көрсетілген құжатты ұсыну талап етілмейді.

Құжаттардың толық емес пакетін ұсыну конкурс комиссиясының оларды қараудан бас тартуы үшін негіз болып табылады.

Мемлекеттік қызметшілермен тапсырылатын осы тармақтың 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды олар жұмыс істейтін мемлекеттік органдардың персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) куәландыра алады.

Әңгімелесуге жіберілген кандидаттар оны кандидаттарды әңгімелесуге жіберу туралы хабардар ету күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде Қызылорда облыстық ішкі саясат басқармасында, 120014, Қызылорда қаласы, Б.Жұмаев көшесі №76 үй, №405 кабинетте өтеді.

Конкурс комиссиясы жұмысының ашықтылығы мен объективтілігін қамтамасыз ету үшін оның отырысына байқаушыларды қатыстыруға жол беріледі.

Конкурстық комиссияның қорытынды мәжілісі әңгімелесу жүргізілгеннен соң 2 жұмыс күні ішінде өткізіледі.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар аталмыш хабарландыру соңғы жарияланған мерзімінен бастап 10 жұмыс күн аралығында қабылданады.

Төле би көшесі №36, 3-қабат, құжаттар Әкімшілік бөлімінде қабылданады.

Анықтama телефоны: 8 (72422) 27-32-62. Ресми интернет ресурc e-kyzylorda.gov.kz.

Аталмыш лауазымдарға орналасқан адамдар үшін көтерме шығындар төленбейді, тұрғын үй және жеңілдіктер ұсынылмайды.

Қызылорда облыстық ішкі саясат басқармасының конкурстық комиссиясы.

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ІШКІ САЯСАТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ КОНКУРСТЫҚ КОМИССИЯСЫ

Қызылорда облыстық ішкі саясат басқармасының конкурстық комиссиясы.

КОНФЕРЕНЦИЯ

Ғылым мен білімді кіріктіру, ұрпақтар сабақтастығын нығайту, еліміздің болашақ ғылыми әлеуетін қалыптастыру жолында Қызылордада өткен республикалық ғылыми-әдістемелік конференция «Химияны оқытудың инновациялық технологиялары» тақырыбына арналды.

ХИМИЯ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕТІКТЕРІ

«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ облыс бойынша филиалы мен Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің «Химия және экология» кафедрасы бірлесіп өткізген шараның мақсаты – аталмыш пән оқытушылары мен мүгалімдерінің жұмыстарын қолдап, көмек көрсету, өзара тәжірибе алмасу, сондай-ақ олардың кәсіби деңгейін көтеру.

Конференцияға жергілікті ғалымдармен қатар Алматы, Атырау, Маңғыстау облыстарының жоғары оқу орындары оқытушылары мен жалпы орта білім беретін мектептердің химия пәні мүгалімдері

қатысты. Конференцияда ҚР Білім беру жүйесінің Еуропа және дүниежүзілік білім кеңістігіне енуі, химия ғылымының интеграциясы, химиялық білім берудің инновациялық тетіктері мен технологияларын сыннан өткізу, жоғары оқу орындарында инновациялық оқу үдерісін және ғылыми зерттеулер ұйымдастыру, пән мүгалімдерінің кәсіби шеберлігін арттыруға байланысты көкейтесті мәселелер ортаға салынды. Екі секция бойынша жүргізілген шара қорытындысында бір топ өз ісінің білгірлеріне құрмет көрсетілді.

Бақтыбай БЕРДІБАЕВ.